ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2026 жылғы 28 қаңтар іс № 3514-25-00-2/5033 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья Г.О.Тастанбаева,
сот отырысының хатшысы Б.Б.Авуловамен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Орталық» өңірлік қолбасшылығы - 6800 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР
жеке кәсіпкер «Игілік» Мәдина Әбдіқадырқызы Сыдықова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ
1) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2) тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР
талап қоюшының өкілі Н.Ертай, жауапкер М.Ә.Сыдықова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

04.08.2025 жылы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Орталық» өңірлік қолбасшылығы - 6800 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Игілік» Мәдина Әбдіқадырқызы Сыдықова (бұдан әрі – өнім беруші) арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №1190 шарт (бұдан әрі – шарт) жасалған.

Шарт негізінде өнім беруші жалпы сомасы 958 500 теңгені құрайтын «киперлі таспа» тауарын жеткізуге міндеттелген.

Өнім беруші 47 925 теңге мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізген.

Шарттық міндеттемелерді орындау мерзімі оны қазынашылық органында тіркеген күннен бастап 15 жұмыс күн ішінде деп белгіленген.

Шарттың қолданылу мерзімі 31.12.2025 жылға дейін.

Аумақтық қазынашылық органында шарт 15.08.2025 жылы тіркелген, демек, тауар ағымдағы жылдың 8 қыркүйегіне дейін жеткізілуі тиіс.

Өнім берушінің өзіне алған міндеттемелерін орындамауына байланысты, тапсырыс беруші 27.10.2025 жылы шартты бір жақты бұзған.

Тапсырыс беруші өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және 46 966 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Талап қоюшының өкілі түсініктемесінде өз талабын қолдады.

Жауапкер талап қоюды толық мойындады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Талап №1

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 271-бабына сай, міндеттемелер шарттан пайда болады.

АК-нің 272, 277-баптарына сай, міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше, және белгіленген мерзімінде орындалуға тиіс.

АК-нің 386-бабына сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады (осы Кодекстің 393-бабы).

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот шарттың тараптармен мемлекеттік сатып алудың «бағалы ұсыныстарға сұраным» әдісінің қорытындылары негізінде жасалғанын анықтады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 414-бабына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын ұсынуы шарттың жобасында және техникалық ерекшелікте көзделген талаптарды сақтай отырып, оның тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Атап айтқанда, өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатысқандағы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды жеткізуге келісім білдірген.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 04.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 05.03.2026, судья Тастанбаева Г. О., 06.03.2026

Өнім беруші өз міндетіне алған міндеттемелерін орындаған жоқ, осыған байланысты, тапсырыс беруші, шартты 27.10.2025 жылы біржақты бұзған.

Жауапкер сот отырысында талап қоюды мойындады.

Талап қою Заңмен бекітілген мерзімнен (25.11.2025 ж.) кешіктірілмей сотқа берілді.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы негізді және заңды, сондықтан қанағаттандырылуға жатады.

Талап қою №2

АК-нің 272, 298, 359-баптарына сәйкес, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады (осы Кодекстің 359-бабы).

Тапсырыс берушімен өнім берушіден шарттың 7.3 талабына сай 46966 теңге сомасында тұрақсыздық айыбы талап етілді.

Тұрақсыздық айыбының есебі заң талаптарына сәйкес есептелген, жауапкермен сот отырысында ол дауланған жоқ және төлейтінін көрсетті.

Сонымен, аталған заң нормаларына сәйкес, жауапкердің шартты орындамағанын және №2 талапты мойындағанын ескере отырып, талап қою қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117 бабына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, жауапкерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Орталық» өңірлік қолбасшылығы - 6800 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Игілік» Мәдина Әбдіқадырқызы Сыдықоваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Игілік» Мәдина Әбдіқадырқызы Сыдықова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Игілік» Мәдина Әбдіқадырқызы Сыдықовадан мемлекет кірісіне 46 966 (қырық тоғыз мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге тұрақсыздық айыбын және 3 375 (үш мың үш жүз жетпіс бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар, прокурор, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қарағанды облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым және/немесе өтінішхат беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 04.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 05.03.2026, судья Тастанбаева Г. О., 06.03.2026
3514-25-3-1/6166

Судья Тастанбаева Г.О.

Құжатқа қол қойылған: Тастанбаева Г. О., 04.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 05.03.2026, судья Тастанбаева Г. О., 06.03.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»